



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 24 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З 1**

2014 жылғы 4 наурыз

**«Виченца Нумизматика» - 2014»
Халықаралық жүлдесі» ескерткіш
монеталардың халықаралық конкурсының
қорытындылары туралы**

2014 жылғы 14 ақпанда Виченца қаласында (Италия) «Vicenza Numismatica - 2014» монета өнімінің халықаралық конкурсының қорытындылары бойынша салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Республика игілігі» сериясындағы «Байқоңыр» ескерткіш күміс монетасы 2012 жылы соғылған ең үздік монета ретінде осы беделді конкурста екінші жүлдеге ие болды.

Мұндай жоғары марапат символдық объектілерді бірегей әзірлегені және жоғары технологиялық өндірісте бірегей тұрғыдан қолданылатын күміс пен танталды шебер үйлестіргені үшін берілді. Бұл монета ғарышты және әлемдегі ең әйгілі ғарыш алаңдарының бірі «Байқоңыр» ғарыш айлағын зерттеудегі маңызды.



Монетаның бет жағында (аверсінде) стильдендірілген жұлдызды аспан және адам мен Ғалам бірлігінің нышаны ретінде екі адамның сұлбасы бейнеленген.

Монетаның сырт жағында (реверсінде) көшпенділер әлемінде ғарышқа арналған терезе, бүкіл Адамзат үшін Байқоңыр ғарыш айлағы ашқан терезе ретінде түсіндірілетін «Шанырақ» кескінін құрайтын жерсеріктер орбитасының стильдендірілген бейнелері көрсетілген.



*Барыниша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 270- 46- 39. E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz*